

ФЕМИДА

Кең пейілді адам сыйластықтан құр қалмас
- Достоин уважения тот, кто хочет жить в дружбе

E-mail: zip@ok.kz
тел./факс: 8(3172) 36-81-14

Өнегенің ордасы атанған



Қаржы полиция академиясының бастығы
М.Қоғамов

Білімді бесіктен тесікке дейін ізден дейді қазақ халқы. Сапалы білімнің несібесі – саналы маманды тәрбиелеу. Білімді мамансыз, қандай да бір жетістіктің жемісін жеу мүмкін емес. Ендігі сөз арнасы Қазақстан Республикасы Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігі (қаржы полициясы) Қаржы полиция академиясы туралы болмақ.

Бүгінде Қазақстанның білім көкжиегінде Қаржы полиция академиясының алатын орны мен беделі жоғары. Ака-

демия түлектері мемлекеттің жемқорлықпен қарсы күресте, кеден ісін дамытуда тиімді жолдарын қарастыруда. Қазіргі таңда экономикалық салада қылмыстардың қатары толастамай отырғаны белгілі. Мәселен, Еуропа елдерінде экономикалық қылмыс шарықтап, 60-80 пайыздық көлемді құрайды. Мемлекеттік бюджеттің кіріс бөлігінің 30 пайызын кеден органдары бақылауға алған.

1999 жылы Академия Кіріс министрлігінің құрамында республикалық, мемлекеттік мекеме ретінде құрылған. Сол кезде оның діттегені салық полициясының, кеден қызметінің мамандарын даярлау еді. Академия салық, қаржы полициясы, кеден ісінің қызметкерлерін дайындайтын бірден-бір оқу орны. Қаржы полициясының және кеден қызметінің мамандары асқан жауапкершілікті артқан, ел алдында парызын сақтағандар. Академияның басты мақсаты - елдің мүддесін ойлаған қызметкерлерді дайындау.

Академияның бастығы халық қалаулыларының бірі, заң ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ЖФА академигі Марат Шекішұлы

Қоғамов. Марат Шекішұлы білімі мол, түйгені мен көргені көп басшы. Әсіресе, келелі жол бастар басшы, халықтың жанашыры ретінде таңылған тұлға. Басшылықтың қамытын киген, жетекшіліктің тізгінін мықтап ұстаған ол әркімге үлгі болар. Елдің ауызбірлігін сақтау тілдің мәртебесін көтерумен тығыз байланысты. Қаншама жылдардың аясында бодандықтың бұғауында болса дағы, халықтың өресі биік болды. Қазақ тілінің жайы жанына ауыр тиетінін басып айтты. Жалпы оқу орнында мемлекеттік тілге баса назар аударылады. Академияның қазақ тілінде құқық бойынша арнайы пәндер оқытылады. Әлем тілдері кафедрасында қазақ тіліне ерекше кеңіл бөлінген. Монографиялар, ғылыми еңбектер мемлекеттік тілде жарияланып тұрады. Курсанттардың жеке құрамының жартысы қазақ тілін жетік меңгергендер.

Академия тыңдаушыларды "Юриспруденция", "Кеден ісі" және "Құқық қорғау" қызметі мамандықтары бойынша оқытуды жүзеге асырады. Академия заң ғылымдары бойынша жетекші ұйым-

дар тізбесіне енгізілген. Түлектердің 10-шығарылымы (5 шығарылымы күндізгі оқыту нысаны және 5 шығарылымы сырттай оқыту нысаны бойынша) еліміздің қаржы полициясы органдарында, кеден қызметі және ұлттық қауіпсіздік органдарында ойдағыдай қызмет атқаруда. Академия түлектерін жұмыспен қамтамасыз ету қиыншылық туғызбайды.

Академия мемлекеттік бюджеттен қаржыланады. Оқудың 4 жылында болашақ қаржы полиция офицерлері, кеден ісінің қызметкерлеріне тегін медициналық қызмет көрсету, тамақтандыру, арнайы киім үлгілерімен қамтамасыз етіледі. Сондай-ақ, оқуға түскендер әскери есептен шығарылып, қаржы полициясының органдарының арнайы есебіне тұрғызылады.

Күндізгі оқыту факультеті және магистратура бөлімінде 429, сырттай және қашықтан оқыту бөлімінде 128 офицерлер оқытылады. Түлектер ҰҚК органдарына, басқа да құқық қорғау орындарында қызмет етіп жатыр. Академияның ғылыми ортасы дамып, жетілу үстінде. Бүгінгі күнде 1 ҚР ЖФА академигі, 22

ғылым кандидаты, 3 профессор, 13 доцент, 4 ғылым докторлары бар. Профессорлық-оқытушылық құрамның жалпы саны 40 пайызды құрайды. Қазіргі күні 16 қызметкер диссертациялық зерттеулер жасаған.

Қазақстанның білім саласында түрлі реформалар, өзгерістер қарқынды түрде енгізіліп жатыр. Сол орайда 2004 жылы Мониторинг және білім сапасын бақылау орталығы құрылды. Күндізгі және сырттай бөлімге түскендер емтихан, сынақтарды тест жүйесі арқылы тапсырады. Тесттің нәтижесінде тыңдаушылардың деңгейі сұрыпталады.

Академияның ғылыми танымы көп қырлы. Академия қызметкерлері халықаралық, республикалық, ғылыми конференцияның қатысушылары. Парламент, Жоғарғы Сот, Конституциялық Кеңес, Президент әкімшілігі, Бас прокуратура, Әділет министрлігі, адам құқықтарының өкілеттілігі ведомстволарынан сарапшы, кеңес берушілермен өзара қарым-қатынас орнатқан.

Аталмыш оқу орынының басқа да елдермен ой алмасып, оқу жүйесінің ерекшеліктерімен бөлісіп тұраты-

ны бар. Мысалы, Академия АҚШ-тың құқық қорғау органдарымен (Гленко қаласы, Джорджия штаты) заңсыз ақша айналымын тергеу саласында бірлесіп шаралар атқаруда. Академия ұжымы "Лас ақшалар: қарсы әрекет проблемалары" мен "Қаржы полициясы академиясының ғылыми еңбектерінің жинағы жарыққа шығып тұрады.

Академияның оқу бағдарламасы тартымды да, қызықты. Арнайы құрылған жалпы академиялық "Құрметті қонақ" бағдарламасы аясында Парламент Палатасының төрағасы, Жоғарғы Сот төрағасы, ҚР Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігі (қаржы полициясы) төрағасы сынды бөлі де, оймақты ойы бар тұлғалармен кездесулер ұйымдастырылады.

Оқу барысында тыңдаушылар Парламент, Жоғарғы Сот, Бас прокуратура және басқа да мемлекеттік органдардың қызметімен танысып, ой алмасады. Бұндай шаралар игі дәстүрге айналған.

Академияда "Заңгер" анықтамалық-құқықтық жүйесі жұмыс істейді. Әрі интернет бүкіләлемдік желісіне шығы-

белсенді жұмыс жасайды.

Академияның тыңдаушылары салауатты өмір салтын сақтаушылардың бірі. Оқытушылар мен тыңдаушылары қолма-қол күрестен, самбо, шығыс жекпе-жегі сынды спорт түрлерінен халықаралық жарыстардың жүлдегері болып табылады. Сондықтан түрлі денені шымырлататын спорттық шаралар жалғасын тауып келеді. Құқық қорғау саласындағы жоғары оқу орындары арасында шығыстық жекпе-жек күресінен алғашқы республикалық чемпионат өтті. Академияның КВН командасы студенттік ұжымдары арасындағы үздік команда болып табылады. Тыңдаушылар мәдени, танымдық ошақтарына баруды дәстүрге айналдырған.

Республиканың тұтастығын сақтап, келешегі кемел, мемлекеттің қатарына қосуға барлығымыз ат салысқанымыз жөн. Елбасының қонымды саясатын ұстанып, қомақты істер тындырудан мойымайық. Қаржы полиция академиясын төмемдаған түлектер, білім кәусарын молынан сусындап, мемлекеттің әрбір атқан таңын тыныштыққа бөлейтінін сеніммен айтамыз.

Әсел СЫЗДЫҚБАЕВА